

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА
Астана қаласы әкімдігінің
«Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі»
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны қызметіндегі коррупциялық тәуекелдер бойынша ішкі талдау
нәтижелері
(2023-2024 оқу жылы бойынша).

Астана қаласы

17.09.2024 ж.

I. КІРІСПЕ БӨЛІМ

Антикоррупциялық мониторинг көзі: Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Колледж).

Занды тұлға: Астана қаласы әкімдігіне қарасты «Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, мекенжайы: Астана қаласы, Б.Майлин көшесі, 12, индекс 010000, электрондық мекенжайы: ktsk.astana@gmail.com, телефон: 8/7172/50-16-47.

Колледждің білім беру қызметі: 2020 жылғы 7 желтоқсандағы №KZ08LAA00019360 мемлекеттік лицензия негізінде жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім сапасын қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласы бойынша Білім сапасын қамтамасыз ету департаментінен берілген.

Коррупциялық тәуекелдер бойынша ішкі талдау жүргізу негізі: Колледж директорының 2024 жылғы 5 қыркүйектегі № 71/н «Жұмыс тобын құру және коррупциялық тәуекелдер бойынша ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы.\

Коррупциялық тәуекелдер бойынша жүргізілген Ішкі талдау қолданыстағы Типтік ережелерге сәйкес жүзеге асырылды.

Антикоррупциялық мониторингтің өткізілу мерзімі: 2024 жылғы 9-16 қыркүйек аралығы.

Қамтылған кезең: 2023 жылғы 1 тамыз бен 2024 жылғы 31 тамыз аралығындағы қызмет.

Антикоррупциялық мониторингті жүргізді: Ішкі коррупциялық тәуекелдер бойынша жұмыс тобы, құрамында: оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі директор орынбасары А.Король (жұмыс тобы жетекшісі), шеберхана меңгерушісі А.Сейтжанова, оқытушы В.Төлеген, аға шебер А.Байжигитова, іс жүргізуші Б.Хастарбекқызы, оқу бөлімі меңгерушісі М.Бегалы.

II. АҚПАРАТТЫҚ-АНАЛИТИКАЛЫҚ БӨЛІМ

1. Ішкі талдауға жататын объектінің қызметіне қатысты нормативтік-құқықтық актілер:

Өз қызметінде Колледж мына нормативтік-құқықтық актілерге сүйенеді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;

- Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы, Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы, Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығы, Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 бұйрығы, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін

жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу және алып тастау негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 7 қазандағы № 417 бұйрығы. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы және басқа да Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары, шешімдері, Колледждің Жарғысы, ішкі актілері (бұйрықтары) және білім беру процестерін реттейтін Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілері.

2. **«Коррупциялық тәуекелдерді нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық актілерде анықтау» бағыты бойынша зерделенгендер:** Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңы, Мемлекеттік сатып алуларды жүргізу ережелерін бекіту туралы бұйрық, Коррупциялық тәуекелдер бойынша ішкі талдау жүргізу жөніндегі типтік ережелер, Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы типтік ережелер, Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардағы құжаттарды рәсімдеу, басқару және электрондық құжат айналымын пайдалану ережелері, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдау ережелері, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы», «Білім беру ұйымдары қолданатын қатаң есеп құжаттарының нысанын бекіту туралы», «Әлеуметтік көмек көрсету ережелерін бекіту туралы», «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында студенттердің үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестациялау типтік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысы.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ КОРРУПЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

ішкі коррупциялық тәуекелдерді талдау нәтижелері бойынша: коррупциялық тәуекелдерге ұшырайтын лауазымдар

Лауазым	Қызметтік өкілеттіктер, коррупциялық тәуекелдерді қамтитын	Коррупциялық тәуекелдер	Коррупциялық тәуекелдердің
---------	--	-------------------------	----------------------------

			деңгейі
Директор	Кәсіпорынның және құрылымдық бөлімшелердің қызметін ұйымдастыру	Шешімдер қабылдау құқығы, әкімшілік-шаруашылық және ұйымдастыру-басқарушылық функцияларды жүзеге асыру. Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану, коррупциялық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі міндеттердің орындалмауы	Жоғары
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	Оқу бөлімінің қызметін жалпы басқару, оқу үдерісін үйлестіру, академиялық анықтамалармен қамтамасыз ету жұмысы	Шешімдер қабылдау құқығы, және басқарушылық-ұйымдастырушылық функцияларды жүзеге асыру. Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану	Жоғары
Директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары	Оқу-өндірістік бөлімнің қызметін жалпы басқару, оқушыларды ауыстыру және қайта қабылдауды үйлестіру	Шешімдер қабылдау құқығы, және басқарушылық-ұйымдастырушылық функцияларды жүзеге асыру. Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану	Жоғары
Кәсіптік оқыту жөніндегі директордың орынбасары	Кәсіптік қамтамасыз ету бөліміне басшылық, ақылы қызметтерді ұйымдастыру, оқуға қабылдауды үйлестіру	Шешімдер қабылдау құқығы, және басқарушылық-ұйымдастырушылық функцияларды жүзеге асыру. Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану	Жоғары
Оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары	Оқу-тәрбие бөліміне басшылық, ақылы қызметтерді ұйымдастыру, білім аулшылардың әлеуметтік қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестіру	Шешімдер қабылдау құқығы, және басқарушылық-ұйымдастырушылық функцияларды жүзеге асыру. Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану	Жоғары
Директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары	Бөлімге басшылық ету, педагогикалық қызметкерлердің аттестациясы мен біліктілігін арттыруды үйлестіру	Шешімдер қабылдау құқығы, және басқарушылық-ұйымдастырушылық функцияларды жүзеге асыру. Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану	Жоғары

Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары	Ақпараттық технологиялар бөлімін басқару, ақпараттық жүйелерді қолдану, ҰДБ жұмысын, электрондық журналдар жұмысын үйлестіру	Шешімдер қабылдау құқығы, және басқарушылық-ұйымдастырушылық функцияларды жүзеге асыру. Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану	Жоғары
Директордың шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасары	Шаруашылық бөлімінің қызметін басқару	Шешімдер қабылдау құқығы, және басқарушылық-ұйымдастырушылық функцияларды жүзеге асыру. Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану	Жоғары
Бас бухгалтер	Бюджеттік жоспарлау; есеп жүргізу және шешім қабылдауға әсер ететін есептілікті қалыптастыру, жалақы қорын қалыптастыру және ынталандыру төлемдерін бөлу	Шешімдер қабылдау құқығы, және басқарушылық-ұйымдастырушылық функцияларды жүзеге асыру. Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану	Жоғары
Мемлекеттік сатып алулар менеджері	Кәсіпорында мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заңнамаға сәйкес ұйымдастыру	Сатып алуды жоспарлауда өзіндік шешім қабылдау мүмкіндігі, бәсекелестікті шектеу, өтінімдерді формальды негіздермен қабылдамау, келісімшартты орындауда бақылаудың болмауы. Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану	Жоғары
Кадрлар бөлімінің меңгерушісі	Кәсіпорынға қажетті жұмысшылар мен қызметкерлерді қабылдау жұмысын басқару	Шешімдер қабылдау құқығы,, конкурс талаптарын «жасау», белгілі бір үміткерлерге артықшылық беру, қызметтік жеңілдіктерді селективті түрде ұсыну, негізсіз тәртіптік жазаларды қолдану. Қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану	Жоғары

1. Персоналды басқару, кадрлар қозғалысы бағытында:

Мемлекеттік кәсіпорынның штаттық кестесі:

- Басқарушы персоналдың штаттық кестесі «Астана қаласының білім басқармасы» басшысының 2024 жылдың 1 қыркүйегіндегі бұйрығымен бекітілген;

- Кәсіпорынның қызметкерлері (әкімшілік, негізгі, көмекші-техникалық) штат кесетесі директордың бұйрығымен бекітілген.

Колледждің әкімшілік құрамы біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Колледж басшысы, Қылышбаева Зауре Араповна – экономика ғылымдарының кандидаты, бірінші категориялы басшы.

Директордың орынбасарлары:

- Король Алла Васильевна – оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары, бірінші категориялы басшы орынбасары, педагог-шебер.

- Сапарбекова Гульнар Жайдаровна – оқу жұмысындағы директордың орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты, үшінші категориялы басшы орынбасары, педагог-сарапшы.

- Нұржауова Нұржанат Мұратовна – оқу-әдістемелік жұмыс және кәсіптік білім беру бойынша директордың орынбасары, бірінші категориялы басшы орынбасары, жоғары категориялы педагог.

- Мырзабекова Жанар Жарқынбековна – ақпараттық технологиялар бойынша директордың орынбасары, бірінші категориялы басшы орынбасары, жоғары категориялы педагог.

- Нұрманова Ақжарқын Дарханқызы – тәрбие бөлімі меңгерушісі, оқу-тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасары міндетін атқарушы.

- Нұргожин Дастан Оразұлы – әкімшілік-шаруашылық жұмыс бойынша директордың орынбасары міндетін атқарушы.

Колледждің кадрлық саясаты: Қазақстан Республикасында қабылданған әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін қолданыстыағы ың еңбек заңнамасы, еңбекпен қамту туралы заңнама, зейнетақы заңнамасы, жеке азаматтар санаттарының құқықтарын қорғауға арналған басқа да құқытық нормативтік актілер және т.б. реттеледі..

Колледждің кадрлық саясаты «Колледж Жарғысы», «Ішкі еңбек тәртібі ережелері», «Ұжымдық келісімшарт» сияқты құжаттарда көрсетіледі.

Колледжде тұрақты жұмыс істейтін келесі басқару органдары құрылған: Қамқоршылық кеңесі, Ата-аналар кеңесі, Педагогикалық (кіші педагогикалық кеңестер), Әдістемелік кеңес, Алғашқы кәсіптік одақ және басқа да органдар.

Колледждің ең жоғары коллегиальды басқару органы – Педагогикалық және Қамқоршылық кеңестері (сайланбалы өкілді органдар).

Барлық қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек қатынастары Ұжымдық келісімшартпен, колледж қызметкерлерінің жалпы жиналысымен реттеледі.

Колледждің құрылымында: **оқу бөлімі, оқу-өндірістік бөлім, оқу-тәрбие бөлімі, оқу-әдістемелік бөлім, кәсіптік білім бөлімі, ақпараттық**

технологиялар бөлімі, кадр бөлімі, шаруашылық бөлімі, бухгалтерия, Құзыреттілік орталығы.

Колледждің құрылымы еңбек бөлінісінің дәрежесі мен мамандануы бағытын, құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың иерархиясын көрсету мақсатында құрылды. Ішкі ұйымдастырушылық құрылым колледждің басқарушы құрамының және қызметкерлерінің қызметін реттейді.

Талдау жүргізілген мерзімге кәсіпорынның штаттық бірлік саны педагогикалық лауазымдармен есептегенде 141, штат саны 123 адамды құрайды, оның ішінде 89 педагог, 16 басқарушы/әкімшілік персонал, әкімшілік-көмекші құрам, 18 техникалық және қызмет көрсету персоналдары.

Оқу процесін кадрлық қамтамасыз ету жағдайы және динамикасы штаттық кесте және оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлерінің тарифтік біліктілігі бойынша анықталады және (01.09.2023 жылғы жағдай бойынша) кестеде ұсынылған 96 адамды құрайды.

Көрсеткіш атауы	2023 жыл
Педагогикалық қызметкерлер	96
Жоғары білімі барлар	95/98,9%
Кәсіптік (ТжКБ) білімі барлар	1/1,04%
Кәсіптік (ТжКБ) білімі барлар және жоғары білім алушылар	1/1.04%
Атқаратын лауазымға сәйкестігі	100 %
Келгендер	10
Шығып кеткендер	5

Педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлерінің негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылады, жұмысшылардың жалпы санына шаққан педагогикалық құрам (2023-2024) үлесі 89,1%-дан 96,8%-ға дейін құрайды.

Дуалды оқыту бағдарламаларын жүзеге асыруға кәсіпорындардың мамандары қатысады, олар студенттерге нақты практикалық дағдыларды әлеуметтік серіктестік аясында үйретеді.

2023 жылы кәсіпорыннан еңбекке тартылған мамандар саны 8. Колледждің барлық оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері толық

ставкамен жұмыс істейді, бұл колледж педагогикалық қызметкерлермен толық қамтылған.

Қызметкерлердің тиісті базалық білімдері бар.

Педагогикалық бос орындарды (вакансияларды) толықтыру және іріктеу процедурасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, білім беру саласындағы нормативтік құжаттар шеңберінде құрылымдық бөлімшелер басшыларының берген өтінімдері негізінде конкурс жариялау арқылы жүргізіледі.

Әкімшілік және инженерлік-педагогикалық құрамды қалыптастыру Қазақстан Республикасының біліктілік талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Әкімшілік-басқару персоналының құрамында нақты лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін тұлғалар жұмыс істейді.

Қызметкерлермен кері байланыс орнатудың формалары: кеңестер мен семинарлар, директор мен орынбасарларының жеке мәселелер бойынша қабылдауы. Сондай-ақ, колледждің ресми сайтында директордың блогы жұмыс істейді.

Колледж басшылығы білім беру процесінің субъектілерінің сұрауларына жедел жауап береді: жыл сайын сапа жоспары әзірленеді, жоспарларға өндірістік қажеттілікке сәйкес алдын алу және түзету шаралары енгізіліп жүзеге асырылады.

Колледждің қызметі бойынша шешім қабылдау процесінде барлық ұжымның қатысуы мен талқылауы жүзеге асырылады. Соңғы үш жылда білім беру процесі мен түлектерді даярлау сапасына қатысты шағымдар түспеген.

Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде, ол ұжымдық рухқа, қызметкерлердің, оқытушылардың тең құқықтары мен міндеттеріне, олардың жеке қадір-қасиетіне құрмет көрсетуге негізделген.

Колледжде дауларды шешу және алдын алу үшін ішкі құжаттар әзірленген, олар бірыңғай мінез-құлық ережелерін, этикалық және моральдық нормаларды реттейді, сонымен қатар 2024 жылғы 2 қыркүйектегі бұйрығымен бекітілген «Директордың этика кодексі», «Қызметкерлердің этика кодексі» (педагог емес тұлғалар үшін), «Академиялық адалдықты сақтау ережелерінде» колледжде іскерлік шешімдер қабылдау мен іскерлік мінез-құлықты қалыптастыру үшін қажетті этикалық нормалар мен принциптер бекітілген.

Іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Кадрлар бөлімі, жалпы құжаттаманы, соның ішінде педагогикалық құрамның және қызметкерлердің жеке іс-құжаттамасын рәсімдеуді Қазақстан Республикасының нормативтік актілері мен Еңбек кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

Колледж қызметкерлерінің еңбек қызметі Оқу кеңесі мен кәсіподақ комитеті тарапынан бақылауда.

Бос орындар (вакансиялар) туралы мәліметтер Астана қаласының Еңбекті және әлеуметтік қорғау, жұмыспен қамту басқармасының ресми

электрондық еңбек биржасы порталында және ҰБДБ порталында жарияланады.

Зерделенген кезеңде: 2023 жылдың 1 тамызы мен 2024 жылдың 31 тамызы аралығында бұзылған (қызметкерлер жұмыстан шығарылған) еңбек келісімшарттары саны- 42, *(келісімшартты бұзу себептері: 7 – зейнеткерлік жасқа жету, 8 – уақытша өндірістен шақырылған тәлімгерлермен уақытша еңбек келісімшарты бойынша жұмыс, 6 – басқа педагогикалық жұмысқа (мектепке) ауысу, 7 оқу жүктемесінің азаюына байланысты, 3 – тұрғылықты жерін ауыстыру, 2 – қайтыс болу, 7 – өз бастамасы бойынша)*

Теріс себептермен және жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығарылған қызметкерлер жоқ.

2023 жылдың 1 тамызы мен 2024 жылдың 31 тамызы аралығында 17 қызметкер қабылданды.

Қызметкерлерді қабылдау кезінде кадр қызметі Қазақстан Республикасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті арқылы қосымша тексеру жүргізеді, қызметкерлерге қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жоқ.

Персоналды іріктеудің негізгі әдісі: конкурс, әңгімелесу, ұсыныстарды, мінездемелерді және қызметтік тізімдерді тексеру, лауазымның біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру.

Анализделген кезең 2023 жылдың 1 тамызы мен 2024 жылдың 31 тамызы аралығында тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар саны -3.

Мониторинг жүргізу мерзімінде ұсынылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке қатысты құжаттар пакеті (колледждің сайтында орналастырылған):

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы басқару жүйесі туралы ереже;
- Академиялық адалдықты сақтау ережелері;
- Этика және қызметтік тәртіп кодексі (педагог емес тұлғалар үшін);
- Директордың ар-намыс кодексі (еңбек ұжымының жиналыс хаттамасы №03, 02.09.2024 ж.);
- Ата-аналардан (заңды өкілдерден) заңсыз ақша жинауды болдырмау туралы бұйрық (бұйрық №39, 18.05.2023 ж., бұйрық №08/н, 05.02.2024 ж., бұйрық №73/н, 05.09.2024 ж.);
- Директордың бұйрығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша жауапты тұлғалар тағайындалған: А.Король және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің маманы / комплаенс офицері (А.Сейтжан, бұйрық №35/нот, 03.05.2023 ж.), А.Нұрманова (бұйрық №69/н, 02.09.2024 ж.);

- Директордың бұйрығымен мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру бойынша жауапты тұлғалар тағайындалған (бұйрық №67/н, 02.09.2024 ж.).

Колледждің интернет-ресурсында "Адалдық алаңы" арнайы бөлімі жұмыс істейді, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан жұмыс және осы саладағы негізгі бағыттар туралы ақпарат орналастырылған. Сондай-ақ, сенім телефоны көрсетілген, ал колледждің фойесінде (холлында) қызметкерлердің лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану фактілері туралы хабарлау үшін сенім жәшігі орнатылған.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу шаралары ретінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын зерттеу және түсіндіру жұмыстары, колледж қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықты болдырмау шаралары жүргізілуде, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы тиімді қолдануды арттыруға бағытталған.

Педагогикалық ұжыммен өндірістік жедел кеңестерде елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия туралы әңгімелесулер жүргізіледі, онда колледжді құқықтық қамтамасыз ету бағыттары да қамтылады.

Мүдделер қақтығысын реттеу саласындағы іс-шаралар кешенінің тиімді факторының бірі колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне жол бермеу және сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету жағдайларын жасауға бағытталған қызмет болып табылады.

Есептік кезеңде колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, күрес мақсатында қызметтік мінез-құлыққа қойылатын талаптарды сақтау және қызығушылықтар қақтығысын реттеу бойынша шектеулер, тыйымдар мен міндеттерді орындамау жағдайлары, сондай-ақ сыйлықтарды алу және сыйлықтарды тапсыру тәртібін бұзу жағдайлары да анықталмады.

Сыбайлас жемқорлықтың жоғары тәуекелі бар лауазымдарды атқаратын тұлғалардың саны – 9.

Колледждің ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау барысында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына (12, 14-баптар) сәйкес талаптардың бұзылуы, яғни жақын туыстарының (ата-аналары, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, нағашы-туыстары, апа-қарындастары, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайының тікелей бағынуында болуына байланысты бұзушылықтар анықталмады.

Колледждің кадрлық қамтамасыз етілуін талдау нәтижелері бойынша:

Қызметті кадрлық әлеутпен қамтамасыз ету кәсіби стандарттар мен лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сай келеді;

Кадрлық қамтамасыз ету бағытталған ұйымдық-құқықтық және нормативтік құжаттар талаптары сақталады, қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес;

• Сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен/немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар және/немесе педагогикалық этика нормаларын бұзған жағдайлар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмысқа орналасуды шектейтін жағдайлар анықталмады;

• Жұмысшылардың белгіленген үлгідегі денсаулық туралы анықтамалары (санитарлық кітапшалар, психоневрологиялық және наркологиялық ұйымдардың анықтамалары) бар.

2. Мемлекеттік қызметтерді көрсету бағытында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау талдауы:

Колледж мемлекеттік тапсырыстарды орналастыруда сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтайды және осы жұмысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Барлық тапсырыс орналастыру процедурасы электрондық алаңдардың жұмыс регламенттеріне (интернеттегі ресми сайт арқылы ақпарат орналастыру) сәйкес жүргізіледі.

Зерделенген кезеңде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №200 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына сәйкес, колледж 2023-2024 оқу жылында 1731 мемлекеттік қызмет көрсеткен:

1. «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында студенттерге жатақхана беру» - 0.

2. «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын (дубликаттарын беру)» - 36.

3. «Техникалық және кәсіптік білім беру үшін құжаттарды қабылдау» - 977.

4. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына студенттерді ауыстыру және қайта қалпына келтіру» - 68.

5. «Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білімді аяқтамаған тұлғаларға анықтама беру» - 18.

6. «Білім алушыларға білім беру ұйымдарында академиялық демалыс беру» - 7.

7. «Белгілі бір санаттағы азаматтарға, сондай-ақ қамқорлықта және патронажда тұрған тұлғаларға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тегін тамақ беру» - 625.

8. «Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау».

3. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмысты қамтамасыз ету бағытында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау талдауы:

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау сапасы мен мерзімділігін қамтамасыз ету үшін бөлімдерде жұмыс жағдайы талданды және бақылауды арттыру шаралары қабылданды, өтініштерді қарау мерзімдері бұзылмауын қамтамасыз ету мақсатында шаралар қабылдануда.

Қамтылған кезеңде азаматтардың 24 жазбаша өтініші тіркелді (оның ішінде 6 өтініш қазақ тілінде, 18 өтініш орыс тілінде). Өтініштердің жалпы санының 7-і жеке тұлғалардан келді. Барлық өтініштерге белгіленген мерзімдерде жауап берілді.

Өтініштерді қабылдау (құжаттар, арыздар) қабылдау бөлмесі арқылы қағаз түрінде және электрондық пошта мен ұйымның ресми интернет-ресурсы (веб-портал «Онлайн көмекші» — виртуалды қабылдау бөлмесі) арқылы жүзеге асырылады.

Аталған кезеңде директорға жеке мәселе бойынша қабылдауда 4 өтініш болды. Барлық өтініштер қанағаттанарлық жауаптармен қамтамасыз етілді. Жеке сипаттағы теріс негіздегі (шағым) өтініштер болмады.

4. Оқу және оқу-тәрбие қызметін жүзеге асыру желісі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша талдау.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде колледжде тоқсан сайын дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізіледі. 2020 жылдан бастап Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің педагогикалық этика жөніндегі кеңесі құрылып, өз жұмысын атқаруда. Оның құрамына оқытушылармен қатар "Право" қоғамдық қорының өкілдері және Астана қаласының әкімдігінің өкілдері кіреді. Жұмыстың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, өскелең ұрпақ пен педагогтарда жауапкершілік, патриотизм және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сезімін қалыптастыруға бағытталған.

Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы келесідей іс-шаралар өткізіледі: "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!" атты дөңгелек үстел және "Таза сессия". Іс-шараның мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды насихаттау және қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізу шараларымен танысу, азаматтық ұстанымды, құқықтық сананы қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы алынған ақпаратты дұрыс қабылдау қабілетін қалыптастыру.

Оқу процесінің кестесіне сәйкес "Таза сессия" акциясы өткізіліп отырады. Акцияның негізгі мақсаты-сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған іс-шараларды күшейту, сондай-ақ кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік ахуалын қалыптастыру.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсынымдар.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды одан әрі күшейту, оның тиімділігін арттыру мақсатында:

- ұжымда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Анықталған сыбайлас жемқорлықты жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мерзімдері:

Ұжымдағы түсіндіру әңгімелерін жүргізу

Қорытынды:

Талданып отырған кезеңде қызметкерлердің лауазымдық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі және оларды азайту жөніндегі шаралар картасы:

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру" бойынша:

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімін аяқтамаған адамдарға берілетін анықтама білім алушыларға уақтылы беріледі, Колледж сыбайлас жемқорлыққа қарсы қойылатын талаптарды сақтайды және осы жұмысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығына сәйкес қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: есепті кезеңде колледжде анықталған жоқ.

Білім алушылардың ағымдағы үлгерім бойынша:

- Электрондық журналға рұқсаттамаларды дереу (сол күні) қою арқылы сабаққа қатысуды қатаң бақылау.

- Студенттердің колледж қабырғасында нақты болуы туралы деректермен деректерді жүйелі түрде салыстыру ("кіру/шығу" есебі бойынша);

- Электрондық журналға баға қою мен өзгерістер енгізудің қатаң реттелген рәсімі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: есепті кезеңде колледжде анықталған жоқ.

Аралық бақылау (емтихан сессиясы)кезіндегі үлгерім бойынша:

- Емтихан сұрақтарының қолжетімділігін шектеу;

- Басқа пән оқытушылардың емтихан жұмыстарын жүйелі түрде тексеруі;

- Пән бойынша қорытынды бағаның қайталанбауын қадағалау;

- Ауызша емтихандарды комиссиялық құрамымен қабылдау;

- Студенттердің семестрлік сауалнамасы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: есепті кезеңде колледжде анықталған жоқ.

Қорытынды аттестаттаудың үлгерімі бойынша (мемлекеттік емтихандар):

- Аттестаттау комиссиясы әлеуметтік серіктестерден құралуы;

- Қорытынды емтихандардың форматын нақты дағдыларды тексеруге бағыттау;

- Аттестаттау комиссияларының бөгде мүшелеріне, жұмыс берушілер өкілдеріне сауалнама жүргізу.

- Қорытынды аттестаттаудың объективтілігі тұрғысынан білім алушыларға сауалнама жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: есепті кезеңде колледжде анықталған жоқ.

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінде тәрбие жұмысы студенттердің патриоттық, адамгершілік, құқықтық және кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға, әлеуметтік белсенділігін, жауапкершілігін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын дамытуға бағытталған. Бұл бағыттағы негізгі жұмыс түрлеріне тақырыптық іс-шараларды (оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы), кәсіби шеберлік байқауларын («AstauFest», WorldSkills және т.б.) ұйымдастыру, кураторлық және жекелеген студенттермен жұмыс, ата-аналармен өзара әрекет, құқық бұзушылықтардың алдын алу және құқықтық сауаттандыру кіреді.

Сонымен қатар, бұл салада мынадай сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін: байқауларды бағалаудағы субъективтілік пен марапаттауда әділетсіздік, мадақтау қағаздары мен ынталандыруларды негізсіз бөлу, іс-шараларға қаражат жинау мен оны пайдаланудағы теріс пайдалану, студенттерді ақылы немесе көп уақытты қажет ететін акцияларға мәжбүрлеу, сондай-ақ оқытушылар мен студенттер арасында мүдделер қақтығысы.

Мұндай тәуекелдердің алдын алу үшін колледжде ашықтық пен айқындықты қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдануы тиіс: байқауларды бағалаудың нақты критерийлерін бекіту, студенттердің жетістіктерін электрондық базаға енгізу, қаржының жұмсалуды бойынша міндетті есептілік, оқытушыларға арналған тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы тренингтер өткізу, этика комиссиясының жұмысы, сондай-ақ студенттер мен ата-аналар арасында анонимді сауалнамалар жүргізу.

Тәрбие жұмысындағы сыбайлас жемқорлық көріністерінің жүйелі профилактикасы білім беру үдерісіне деген сенімді арттырады, моральдық-психологиялық ахуалды жақсартады және жалпы тәрбие жұмысының сапасын көтереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру мақсатында алдын алу және түсіндіру іс-шаралары өткізіледі. 2024 жылдың қаңтар айында онкүндік аясында кураторлық сағаттар, интерактивті тренингтер, пікірсайыстар, эссе байқауы, ҚР ПМ өкілдерімен кездесулер, сондай-ақ киберқауіпсіздік, азаматтардың құқықтары мен міндеттері жөнінде ағартушылық шаралар ұйымдастырылды.

Студенттер жауапкершілік, құқық бұзушылық, есірткіге тәуелділік және қауіпсіз мінез-құлық тақырыптарын белсенді талқылауға қатысты. Сонымен қатар ата-аналармен де жиналыстар өткізіліп, олардың құқықтық сауаттылығын және бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсат етілді.

Бұл бастамалар білім беру процесіне қатысушылардың құқықтық сана-сезімін арттыруға, білім беру жүйесіне деген сенімді нығайтуға және колледждегі тәрбие мен ағартушылық жұмыс барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың маңызды бағыты – әлеуметтік көмек көрсету, соның ішінде тегін тамақтану мен формалық киіммен қамтамасыз ету мәселелеріндегі ашықтықты сақтау. Мұндай көмектің негізі –

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысы «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерлерін, көздерін, түрлері мен ережелерін бекіту туралы».

Колледждегі барлық рәсімдер нақты реттелген: тегін тамақ пен киім үлгісі бекітілген нормалар мен жеңілдікті санаттағы білім алушылардың тізіміне сәйкес беріледі. Бұл мәселелер бойынша мониторинг пен есеп жүргізіледі, бұл материалдық көмекті бөлуде субъективтілік пен сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмауға бағытталған.

Осылайша, колледжде тәрбие жұмысы мен студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия жүйелі түрде іске асырылады.

Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы келесі іс-шаралар өткізілді: «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» атты дөңгелек үстел. Іс-шараның мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды насихаттау және қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың жүргізілу шараларымен таныстыру, азаматтық ұстаным мен құқықтық сананы қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты ақпаратты дұрыс қабылдай білу дағдысын дамыту.

Оқу процесінің кестесіне сәйкес, жастар ісі жөніндегі комитет ұйымдастырған «Таза сессия» акциясы өткізіледі. Акцияның басты мақсаты – білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шараларды күшейту және кез келген жемқорлық көріністеріне төзбеушілік атмосферасын қалыптастыру.

5. Азаматтарды оқуға қабылдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша талдау

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға конкурс шеңберінде қабылдау бағытында ешқандай тәуекелдер анықталған жоқ.

Колледжде білім алуға өтініштерді қабылдау, әңгімелесу өткізу, білім алушылар қатарына қабылдау үшін календардық жылдың 10 маусымынан кешіктірілмей колледж басшысының бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясы тақ сан мүшеден тұрады. Оның құрамына қамқоршылық кеңесінің, әлеуметтік серіктестер өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының төрағасы – колледж басшысы.

Колледжге оқуға өтініштерді қабылдау календарлық жылдың 25 маусымынан бастап жүргізіледі. Құжаттарды кәмелетке толғандар – жеке өзі, кәмелетке толмағандар – заңды өкілінің қатысуымен тапсырады.

Қабылдау комиссиясы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы №578 бұйрығына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың Үлгілік қағидаларының 9-тармағына сай, 25 маусымнан бастап талапкерлердің және қабылдау квотасы көзделген тұлғалардың тізімін орташа конкурс балын көрсете отырып, колледждің

интернет-ресурсында жариялайды және күн сайын жаңартуды қамтамасыз етеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды колледжге қабылдау мамандығы мен біліктілігіне сәйкес, медициналық-әлеуметтік сараптаманың ұсыныстары мен қарсы көрсетілімдері (медициналық анықтама) негізінде жүзеге асырылады.

2023-2024 және 2024-2025 оқу жылдарына колледжге қабылдау білім басқармасының ранжирлеуі арқылы жүргізілді.

Қабылдау нәтижелері туралы ақпарат талапкерлерге 31 тамызға дейін қабылдау комиссиялары арқылы колледждің интернет-ресурстарында жариялау жолымен жеткізілді.

6. Ақпараттық-техникалық қолдау көрсету арқылы сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтауды талдау.

Колледждің оқу процесін автоматтандыру үшін АЖЖ «Platonus» жүйесі жұмыс істейді. АЖЖ «Platonus» — бұл колледждерге арналған студенттерді әкімшілендіру, оқу процесін қолдау және қашықтан оқытуға арналған кіші жүйелерді біріктіретін, электрондық құжат айналымымен қамтамасыз етілген автоматтандырылған ақпараттық жүйе.

Колледж саласының бастапқы статистикалық деректерін жинау және өңдеу бизнес-процестерін автоматтандыру үшін НОБД толтырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ, себебі барлық әрекеттер лауазымдық нұсқаулықтар аясында, заңнамалық нормалар мен ішкі бақылау талаптарын сақтай отырып орындалады. Процестер автоматтандырылған, бұл рұқсат етілмеген араласу немесе нәтижелерге ықпал ету мүмкіндігін болдырмайды. Ақпараттық жүйелерге қолжетімділік шектеулі, пайдаланушыларды аутентификациялау жүйесі қолданылады, іс-әрекеттер журналы жүргізіледі, сондай-ақ антивирустық бағдарламалар орнатылған.

Негіздеме: жоқ

Болдырмау бойынша ұсыныстар: жоқ

Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету

Сыбайлас жемқорлық қаупін азайтудың негізгі шарттарының бірі — колледж қызметінің барлық функционалдық бағыттары бойынша өз жұмысын және қабылданған ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдерін барынша ашық және жария түрде қамтамасыз ету.

Колледжде аталған қағидаларды қамтамасыз етудің негізгі әдісі — ресми интернет-ресурсында ақпарат жариялау.

Колледждің ресми сайты және әлеуметтік желілерде ресми парақшалары бар.

Колледж туралы барлық ақпарат ресми сайтта көрсетілген: kopis.edu.kz, сондай-ақ әлеуметтік желілерде: [kopis.astana](https://www.instagram.com/kopis.astana) (Instagram), [ktsk.kopis](https://www.facebook.com/ktsk.kopis) (Facebook).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Негіздеме: Колледждің ресми сайты мен әлеуметтік желілерде ресми парақшалары бар.

Болдырмау бойынша ұсыныстар: жоқ

1.Оқу-әдістемелік жұмыс бойынша (педагогикалық қызметкерлерді біліктілігін арттыру курстары мен аттестациясын ұйымдастыру) сыбайлас жемқорлық қауіптерін анықтау талдауы:

«Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» ШЖҚ МКК оқу-әдістемелік бөлімі колледждің педагогикалық қызметкерлері үшін біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және оларды сүйемелдеу қызметін жүзеге асырады.

Жұмыс Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру ережелері (Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің әдістемелік ұсыныстары, колледждің ішкі бұйрықтары мен регламенттеріне сәйкес жүргізіледі.

Негізгі жұмыс бағыттары: біліктілік арттыру жоспарын қалыптастыру және өзектендіру, қызметкерлердің білім беру бағыты мен біліктілігіне байланысты оқыту қажеттіліктерін анықтау, ҚР Білім және ғылым министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының тізбесіне енгізілген ұйымдармен ынтымақтастық, курстарды өту мониторингі және тиісті құжаттарды рәсімдеу.

Сыбайлас жемқорлық қауіптерін төмендету шаралары: курстарға жіберу критерийлерінің айқындығы; курстар жоспарын ішкі портал арқылы жариялау; бағдарламалардың заң талаптарына сәйкестігін бақылау.

Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттауды ұйымдастыру және сүйемелдеу қызметі:

Колледждің педагогикалық қызметкерлерін аттестаттау әдістемелік бөліммен ҚР заңнамалық және нормативтік актілеріне сәйкес ұйымдастырылады, оның ішінде ҚР «Білім туралы» Заңы және

2016 жылдың 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» № 83 бұйрығы, колледж педагогикалық қызметкерлерін аттестаттау жөніндегі ішкі бұйрықтың шығарылуы.

Сыбайлас жемқорлық қауіптерін төмендету шаралары: аттестаттау комиссиялардың тәуелсіз мүшелерінің болуы; электронды құжат айналымы және ақпаратты ашық қолжетімді түрде сақтау.

Авторлық материалдарды, инновациялық педагогикалық тәжірибені және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу қызметі:

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі оқу-әдістемелік бөлімі авторлық әдістемелік материалдарды әзірлеу, инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтау және енгізу, сондай-ақ мамандықтар мен модульдер бойынша оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК) жасау жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіруді жүзеге асырады.

Бөлімнің негізгі жұмыс бағыттары: авторлық әдістемелік құралдар, практикумдар, жұмыс дәптерлері мен тапсырмалар жинағын әзірлеуді және сараптаманы ұйымдастыру, колледж оқытушыларының озық педагогикалық тәжірибесін анықтау, жүйелеу және тарату, оқу пәндері мен модульдер бойынша ОӘК әзірлеуді әдістемелік сүйемелдеу, оларды уақыт талабына және еңбек нарығының талаптарына сәйкес жаңарту, материалдарды баспа және электронды ресурстар арқылы жариялауды және таратуға көмек көрсету.

Сыбайлас жемқорлық қауіптерін болдырмау шаралары: авторлық материалдардың тәуелсіз сараптамасын енгізу; әзірлемелердің сапасы мен практикалық маңыздылығын бағалаудың нақты критерийлерін бекіту; әдістемелік материалдарды келісу және бекіту кезеңдерін хаттамаға түсіру;

2. Бухгалтерлік есеп жүргізу және мемлекеттік сатып алулар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау талдауы.

Мемлекеттік сатып алулар саласында барлық шарттар Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының нормаларына сәйкес веб-портал арқылы жасалды. 2023 жылдың 1 қыркүйегінен 2024 жылдың 31 тамызына дейін 279 шарт жасалды.

Колледждің бюджеті жыл сайын жаңартылып, білім басқармасымен келісіліп отырады.

3. Шаруашылық қызметті жүзеге асыру желісі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша талдау.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңға сәйкес келесі жұмыстар, қызметтер мен тауарлар сатып алынды:

13.04.2023 жылғы № 136. Қасбетті құрделі жөндеу. 54 708 406, 20 теңге, "Тілек-2030" ЖШС.

4. Рұқсат беру және бақылау функцияларын іске асыру бағыты бойынша талдау:

Кәсіпорынның бақылау-қадағалау және рұқсат беру өкілеттіктері (дискрециялық өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін нормалар) жоқ.

Қорытынды:

Жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша әкімшілік-басқарушылық персоналдың өз қалауы бойынша шешім қабылдауына, жеке тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына кедергілер туғызуға, нормативтік құқықтық актілерді еркін түсіндіруге әкелетін құқықтық олқылықтарға ықпал ететін ережелер анықталған жоқ. Дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар белгіленбеген.

БАҚ-да кәсіпорын қызметкерлеріне қатысты сыни жарияланымдар болған жоқ. Кәсіпорын қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне қатысты сот шешімдері туралы ақпарат жоқ. Қызметкерлерге қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары (қылмыстық немесе әкімшілік сипаттағы) тіркелмеген.

Колледждің барлық қызметкерлері атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Мемлекеттік қызмет көрсету саласында артық құжаттама немесе әрекет ету фактілері анықталған жоқ.

2023-2024 оқу жылы барысында колледж қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының орындалуына байланысты сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша азаматтар мен ұйымдардан шағымдар түспеген.

Мүдделер қақтығысы жағдайлары, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген шектеулерді, тыйымдарды бұзу немесе міндеттерді орындамау жағдайлары анықталған жоқ.

Анализ кезеңі — 2023 жылғы 1 тамыздан 2024 жылғы 31 тамызға дейінгі аралықта жоғарыда көрсетілген ақпарат көздері бойынша колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық көріністеріне қатысты ешқандай шағымдар, өтініштер немесе арыздар түспеген.

Мемлекеттік сатып алу саласында барлық келісімшарттар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының нормаларын сақтай отырып, веб-портал арқылы жасалған.

Сонымен қатар, колледж қызметінде сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары нысандарға келесілер жатады:

- құрылымдық бөлімшелердің (бөлімдердің) жұмысын ұйымдастыру барысында – басқару персоналының өзінің немесе туыстарының материалдық мүдделерін қамтамасыз ету үшін лауазымдық өкілеттіктерін пайдалануы.

- Заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде – заңнамада көзделмеген ақпаратты талап ету.

- Педагог қызметкерлерді аттестаттау кезінде – олардың қызметін әділетсіз бағалау, жұмыс нәтижелілігін асыра көрсету.

Мониторинг нәтижелері бойынша жұмыс тобы келесідей ұсыныстар береді:

1. Сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары нысандарға және мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін қызметке қатысты ішкі бақылау мен аудитті тұрақты түрде жүзеге асыру.

2. Педагогикалық ұжымда адал еңбек культін, антикоррупциялық мәдениетті, білім алушылар мен ата-аналар арасында сыбайлас жемқорлыққа «нөлдік» төзімділікті қалыптастыру.

3. Қоғамда сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған семинарлар, жиналыстар өткізу; әкімшілік қызметкерлермен құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік туралы тақырыптық шаралар жүргізу.

4. Колледж директоры мен директордың орынбасарлары өз бағыттары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін арттыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейту мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тұрақты түрде мониторинг жүргізуді жалғастыру қажет.

Аналитикалық анықтама ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау субъектісінің басшысымен қаралып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою (бейтараптандыру) бойынша тиісті шаралар қабылдану үшін ұсынылды.

Жұмыс тобы:

Жетекшісі:

Мүшелері:



А. Король



М. Бегалы

А.Байжигитова



В.Төлеген



Б.Хастарбекқызы



А.Сейтжанова

Колледж директоры



З.Клышбаева